

ГУМАНИТАРЛЫҚ-ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ

«ПСИХОЛОГИЯ» КАФЕДРАСЫ

«Тұран» Университеті» мекемесінің  
ғылыми кеңесінің отырысында бекітілді  
Хаттама № \_\_\_\_ « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2019 ж.

ОӘК отырысында мақұлданды  
Хаттама № \_\_\_\_ « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2019 ж.  
ОӘЖ жөніндегі проректор  
\_\_\_\_\_ Абдиев К.С.

МОДУЛЬДІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мамандық шифрі мен атауы: 6В03103 - ПСИХОЛОГИЯ

Академиялық дәрежесі: әлеуметтік білім бакалавры

Өзірленді		Келісілді		
Аты-жөні, лауазымы, ғылыми дәрежесі мен атағы		ОӘЖ жөніндегі проректор	Абдиев К.С.	
Қасымжанова А.А., «Психология» кафедрасының меңгерушісі, психол.ғ.к, доцент		Сыртқы байланыстар, халықаралық аккредитация және ЖОО- нан кейінгі білім жөніндегі проректор	Тусупова Л.А.	
Хон Н.Н., PhD, Психология» кафедрасының доценті		АМД директоры	Тусупова С.А.	
Аксакалова Ж.К., психол.ғ.к., «Психология» кафедрасының доценті		БҮ және ҚБО директоры	Паршина Г.Н.	
Ганиева Ш.Ш., магистр, аға-оқытушы		Факультет деканы	Сулейменова С.Ж.	
Архарова А.С., ЖШС «Балама Орталығының» директоры		ҚР Психологтар ассоциациясының президенті, Медициналық және психологиялық мәселелер орталығының директоры	Стеблянко В.А.	

« \_\_\_\_\_ » кафедрасы

отырысында қарастырылды

Хаттама № \_\_\_\_ « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2019 ж.

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Қасымжанова А.А.

Алматы, 2019

## Білім беру бағдарламасының құрылымы

1	<b>Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы</b>	3
1.1	Түсіндірме жазба	3
1.2	Білім беру бағдарламасының мақсаттары	5
1.3	Кәсіби қызмет саласының сипаты	6
1.4	Талапкерді білім беру бағдарламасына дайындау деңгейіне қойылатын талаптар	6
2	<b>Құзыреттіліктер терминдерінде оқытудың күтілетін нәтижелеріне қойылатын талаптар</b>	7
2.1	Оқыту нәтижелері	7
2.2	Әмбебап (жалпы мәдени) құзыреттіліктер: жалпы ғылыми, инструменталды, әлеуметтік-тұлғалық, жалпы мәдени	8
2.3	Пәндік-мамандандырылған (кәсіби) құзыреттіліктер: жалпы кәсіби, профильді және арнайы	8
2.4	Бітіруші түлектің біліктілік моделі	8
2.5	Оқыту нәтижелерінің матрицасы	
2.6	Құзыреттіліктер матрицасы	
3	<b>Оқыту нәтижелерін бағалау саясаты (ағымдық, аралық және қорытынды бақылау)</b>	11
4	<b>Білім беру бағдарламасы бойынша оқытудың мазмұны</b>	
4.1	Оқытудың барлық кезеңіне арналған бакалавриаттың білім беру бағдарламасының оқу жоспары (модульді жүйе бойынша) *	Ф УТ 705–15–17 (бакалавриат, магистратура, докторантура)
4.2	Білім беру модульдерінің каталогы (міндетті, жалпы университеттік, элективті)	Ф УТ 705–23–17

\* Пререквизиттерді, қызмет түрлері бойынша еңбек сыйымдылығы мен оқу жүктемесін бөлуді ескере отырып, оқыту жылдары бойынша модульдерді бөлуді қамтиды.

# 1 Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы

## 1.1 Түсіндірме жазба

6B03103 – Психология бағытындағы модульдік білім беру бағдарламасы әлеуметтік, ұйымдастырушылық және практикалық психология саласында маманданған психологтарды дайындауға бағытталған. Практикалық психология және кеңес берудің жетекші Еуропалық факультеттерінің тәжірибесін ескере отырып әзірленген. Оқыту психологияның психофизиологиямен, экономикамен, менеджментпен, маркетингпен, математикамен, әлеуметтанумен және педагогикамен түйісуінде жаңа пәнаралық бағыттарды меңгеруді көздейді. Болашақ бакалавр өзінің ең батыл ғылыми-зерттеу идеяларын немесе психологтың практикалық кәсіби қызметінде мансаптық ұмтылыстарын жүзеге асыра алады.

Осы білім беру бағдарламасы ҚР МЖМБС 3.08.307- 2006 негізінде әзірленген және 6B031 – Психология мамандығы бойынша бакалаврларды дайындау деңгейі мен білім мазмұнының негізгі бағыттарын белгілейді.

Бакалавриат мамандықтары бойынша кадрларды дайындау Жоғары білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына (ҚР Үкіметінің 17.05.2013 жылғы № 499 қаулысы) мен жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес (ҚР Үкіметінің 23.08.2012жылғы №1080 қаулысы) жүзеге асырылады.

6B03103-Психология білім беру бағдарламасы таңдалған мамандықты белгілі бір бағытта толық және терең меңгеруге мүмкіндік беретін оқу мамандануын таңдауды ұсынады. Бакалавриат БББ 2 оқу мамандандыруын қарастырады: практикалық психология және балалар мен жасөспірімдер психологиясы, олар магистратура мен докторантурада жалғасуда.

«Тәжірибелік психология» мамандануы кәсіби кеңес беру, диагностика, оқыту, тұлғаны және оның әлеуеттерін дамыту саласында білімдер мен дағдыларды қалыптастыруды қарастырады.

«Балалар және жасөспірімдер психологиясы» мамандануы отбасы, балалар және жасөспірімдер психологиясы, балалар және жасөспірім жастағы ауытқушылықтар мен патологияларды диагностикалау, отбасылық жүйеде балалар мен жасөспірімдерге кеңес беру саласында өзінің кәсіби қызметін жүзеге асыратын мамандарды даярлауды көздейді.

Осы мамандандырулар бойынша білім алу білім беру және Мемлекеттік мекемелердің әртүрлі құрылымдық бөлімшелерінде психолог қызметінен бастап, кеңес беру және психотерапия саласында жеке тәжірибені жүргізуге дейінгі практикалық психолог қызметінің түрлі салаларында одан әрі кәсіби өсудің негізі болып табылады.

Білім беру қызметінің ерекшелігі оқыту үдерісінде тәжірибеге бағдарланған тәсілдеме болып табылады. Оқыту үдерісінде бағдарламаның тәжірибеге бағдарлануын іске асыру үшін әр түрлі салалардағы практик-психологтар қамтылды: нейропсихологиялық диагностика және әр түрлі психикалық ауытқушылықтары бар балаларды түзету, HR-менеджмент, Транзактілік талдау, Коучинг, Экзистенциалды талдау, Юнгиандық талдау, Нейролингвистикалық бағдарламалау, Эриксондық гипноз, Жүйелі отбасылық психотерапия. Практик-психологтардың жекелеген пәндерді оқытуы тек қана теориялық білімдерді ғана алуға мүмкіндік беріп қоймай, оқыту үдерісінде тәжірибелік дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді, бұл кәсіби қызмет пен өндірістік іс-тәжірибелерден өтуге дайындаудың жақсы негізі болып табылады.

Практик-психологтың табысты кәсіби қызметі ғылыми-тәжірибелік психология саласында білімін қалыптастыруды қарастырады. Студенттерді білім алушылардың еңбек нарығында бәсекеге қабілетті әрі қажетті болуына мүмкіндік беретін ғылыми-тәжірибелік бағытқа бағдарлау мақсатында 2018 жылдан бастап Биологиялық кері байланыс аппаратын қолдана отырып, психоэмоциялық күйлерді зерттеу және түзету жөніндегі зертхана жұмыс жасай бастады. Зертхана жүрек қызметінің жиілік көрсеткіштерін, тыныс алу жиілігін, жүйке-бұлшықет кернеуін және бас миының ырғақтарын диагностикалау

мен түзетуге мүмкіндік беретін техникамен жаратқандырылған. Зертхананың қызметі Психофизиология, Денсаулық психологиясы, Стресс және эмоциялық жану психологиясы секілді пәндердің мазмұнымен тығыз байланысты.

Зертхананың базасында ОПК мен білім алушылардың ғылыми және тәжірибелік қызметі жүзеге асырылатын болады. Биологиялық кері байланыс (БКБ) аппаратын қолдану ғылыми негізді ғана емес, қолданбалы мәнге де ие ғылыми-зерттеу жобаларын, дипломдық жұмыстарды және диссертациялық зерттеулерді орындауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, университет студенттері кеңес ала алатын, ал, кафедра ОПК-ы сабақтардың тәжірибеге бағдарланған түрлерін, семинарларды, ақыл-ой және физикалық жұмыс қабілеттілігін арттыру мен өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру, стресске төзімділігін арттыру бойынша тренингтерді жүргізе алатын сенсорлы-психологиялық жеңілдену кабинеті жұмысын жалғастырып келеді.

Кафедра түрлі практикалық-бағытталған ұйымдармен және қауымдастықтармен тығыз байланыста жұмыс істейді: (ПСАГС) Кәсіби Орта Азиялық Гештальт Қоғамдастығы. Гештальт - әдісін қолданатын және Гештальтті кәсіби оқытатын әр түрлі қызмет саласы өкілдерінің кәсіби бірлестіктері; Қазақстандағы ТД-ның дамуына ықпал ететін Алматы Транзактілі Талдау Қауымдастығы; Аналитикалық Психологтарды Дамыту Қоғамы, символдрама саласында психолог-кеңесшілерді даярлауды жүзеге асыратын академиялық және практикалық психология орталығы және т.б. Кәсіби қоғамдастықтармен ынтымақтастық нәтижелері конференциялардың, семинарлардың және мастер-класстардың бірлескен өткізулерінде көрсетіледі. Студенттеріміздің сертификатталған мамандардың кеңес беру және психотерапияның осы бағыттарымен танысуға мүмкіндігі бар. Сондай-ақ, аталған ұйымдар студенттер үшін кәсіби практика базасы ретінде жұмысын атқарады.

Кафедра өзінің практикалар базаларына ие, онда студенттер әртүрлі практикадан: оқу, кәсіптік, педагогикалық және диплом алды. Практика базалары арасында «Балама Орталығы» ЖШС-ны атап өтуге болады, оның базасында 2017 жылдан бастап кафедра филиалы жұмыс істейді. Бірнеше жыл бойы кафедра "Прима Дистрибьюшн" ЖШС-мен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейді, ол да тәжірибе базаларының бірі және біздің студенттеріміздің жұмысқа орналасу орны болып табылады. Практика студенттерге теориялық білімді қолдануға, жоспарлауға, зерттеу және психодиагностикалық қызметті ұйымдастыруға және жүргізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар кафедра көптеген мектептермен, колледждермен, бала бақшалармен және даму орталықтарымен тығыз байланыста.

Мамандық бойынша оқу үдерісі оқытудың келесідей формалары бойынша ұйымдастырылған: күндізгі – 4 жыл; орта кәсіби білім негізіндегі қысқартылған (күндізгі) – 3 жыл; сырттай – 3 жыл; қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып, жоғары кәсіби білім негізіндегі – 2 жыл. Оқыту тілі – қазақ, орыс. Бітіруші түлектерге 5В031– Психология мамандығы бойынша әлеуметтік білім бакалавры академиялық дәрежесі беріледі.

Университеттің жүзеге асыратын «6В0310303 - Психология» бакалавриатының білім беру бағдарламасы жоғары кәсіби білім берудің мемлекеттік білім беру стандарты мен басқа да нормативтік актілердің негізінде еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, жоғары оқу орны әзірлеген және бекіткен құжаттар жүйесін білдіреді. Білім беру бағдарламасы білім беру үдерісін іске асырудың мақсаттарын, күтілетін нәтижелерін, мазмұнын, шарттары мен технологияларын, дайындаудың осы бағыты бойынша бітіруші түлегін дайындау сапасын бағалауды регламенттейді.

## 1.2 Білім беру бағдарламасының мақсаттары

### Білім берудің негізгі жалпы ұлттық мақсаттары мен мақсаттар иерархиясы (пәндер циклдары бойынша мақсаттар)

6B0310303 – Психология мамандығы бойынша білім берудің жалпы ұлттық мақсаты адам туралы кешенді ғылыми білімнің ажырамас бөлігі ретінде психология саласында толыққанды әрі сапалы кәсіби білім алу үшін жағдайлармен қамтамасыз ету болып табылады.

Университет миссиясы - мәдениет, білім және ғылым қоғам игілігі үшін. 6B0310303 – «Психология» білім беру бағдарламасы бойынша білім беру бағдарламасының миссиясы - студенттердің тұлғалық қасиеттерін дамыту және университеттің миссиясына сәйкес еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес құзыреттілікті қалыптастыру. 6B0310303 - Психология білім беру бағдарламасының мазмұны бағдарлама атауына сәйкес мамандарды даярлаудың кеңдігін және білім беру бағытымен анықталатын саладағы дайындықтың қажетті тереңдігін қамтамасыз етеді. Білім беру бағдарламасының миссиясы-психологиялық ғылым мен тәжірибе саласында жоғары білікті және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау.

**«6B03103 – Психология» білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты** - психологиялық ғылым мен практика саласында мамандарды даярлау, психологиялық диагностика мен кәсіби кеңес беру саласында білім мен дағдыларды қалыптастыру.

**Білім беру бағдарламасының міндеттері** университеттің миссиясына және қойылған мақсаттарға сәйкес:

- білім алушыларда жинақталған теориялық білім, зерттеу жұмысының дағдылары және ақпараттық ізденістер негізінде заманауи ғылыми тұжырымдамаларда бағдарлануға, зерттеу және практикалық міндеттерді сауатты қоюға және шешуге мүмкіндік беретін білім мен дағдыларды қалыптастыру;

- білім алушыларды практикалық қолданбалы қызметке қатысуға тарту, психодиагностиканың, психокоррекция мен психологиялық кеңес берудің негізгі әдістерін меңгеру;

- жоғары оқу орындарында психологияны оқыту әдістері мен білім кешенін қалыптастыру;

Білім беру бағдарламасының миссиясы мен мақсаттарын жүзеге асыру университеттің қызметкерлері мен ПОҚ білім алушылармен оқу және оқудан тыс, әдістемелік, ғылыми және тәрбие жұмысы процесінде қамтамасыз етіледі.

#### **Жалпы білім беру пәндерін оқыту саласындағы мақсаттар:**

- ғылыми - философиялық, әлеуметтік-тарихи, саяси және экономикалық білімі бар, қазақ, орыс және шет тілдерін меңгерген, ақпараттық процестер мен компьютерде жұмыс істеуді талдау дағдылары мен іскерліктері бар, дене шынықтыру мен салауатты өмір салтының рөлі туралы түсініктері бар үйлесімді және жан-жақты дамыған тұлғаны дайындау.

#### **Кәсіби пәндерді оқыту саласындағы мақсаттар:**

- психологиялық пәндердің ғылыми-теориялық негіздерін кәсіби тұрғыдан түсінуін, қажетті білімдерді өз бетімен алу және кәсіби қасиеттерді дамытудың тәжірибелік қабілеттері мен дағдыларын қалыптастыру;

- ғылыми және тәжірибелік психологияның салаларын дамытудың маңызды бағыттары туралы түсінік беру;

- талдамалық және зерттемелік ойлау, шетелдік және отандық авторлардың психологиялық көздерінің мазмұнын шығармашылық тұрғыдан меңгеру қабілеттері мен дағдыларын қалыптастыру;

- кеңес беру, диагностикалық және түзету жұмысында тәжірибелік міндеттерді шешуді және психологиялық сараптамаларды жүргізуді қоса алғанда, мамандық бойынша

дағдылар мен қабілеттер көлемін, болашақ мамандық саласында кәсіби маңызды білімді қалыптастыру.

Білім беру бағдарламаларының миссиясы мен мақсаттарын жүзеге асыру Университет қызметкерлерінің білім алушылармен оқу және оқудан тыс, әдістемелік, ғылыми және тәрбиелеу жұмысы үдерісінде қамтамасыз етіледі.

#### **Тәрбиелеу саласындағы мақсаттар:**

- әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру: адамгершілік, жалпы мәдени дағдылары, әлеуметтік бейімделуге қабілеттілік, тұлғаның шығармашылық әлеуетті жүзеге асыру, мақсатқа бағдарлану, ұйымдастырушылық, еңбексүйгіштік, жауапкершілік, азаматтық ұстаным, коммуникативтілік, толеранттылық, кәсіби психологтың этикалық қағидаларына сәйкес «Психология» дайындау профиліне сәйкес кәсіби қызметтің әлеуметтік мәні мен әлеуметтік салдарларын түсіну.

### **1.3 Кәсіби қызмет саласының сипаты**

Психологтың кәсіби-психологиялық қызметін жүзеге асыру кәсіби қызметтің келесі салаларында іске асырылады:

- *Ғылыми-зерттеу*: адам факторымен байланысты ғылыми зерттеулер бағдарламаларын психологиялық қамтамасыз ету;

- *Өндірістік*: адам ресурстарын басқару мен кадрларды аттестаттауды, кәсіби бағдарлану мен кәсіби іріктеп таңдауды, өндірістік қызмет пен бизнесті психологиялық сүйемелдеу;

- *Білім беру жүйесі*: мектепке дейін, мектепте, орта және жоғары оқу орындарында оқыту және тәрбиелеу үдерістерін психологиялық тұрғыдан зерттеу және сүйемелдеу.

- спорттық ұйымдардағы қызметті психологиялық сүйемелдеу.

- *Денсаулық сақтау*: психологиялық профилактика мен психологиялық түзету.

- *Құқық қорғау органдары*: жедел іздестіру және тергеу қызметін, сот жүргізу ісін, құқықтық профилактика мен пенитенциарлы қызметті психологиялық сүйемелдеу.

*Кеңес беру-сараптамалық*: отбасы мәселелері мен баланың құқықтары бойынша медиация үдерісіне қатысу, денсаулық жағдайы мен іс-әрекетке қабілеттілігі туралы сараптамалық қорытындыларды рәсімдеу.

*Жеке тәжірибе*: таңдалған мамандану бойынша белгілі бір форматта тренингтер, психологиялық кеңес берулер нысанында жеке тәжірибені жүргізу.

Белгілі бір бағыттарға сәйкес маман-психолог келесідей қызметтерде кәсіби қызметті жүзеге асыра алады:

- білім беру мекемелеріндегі психолог: мектепке дейін (балабақша, ерте немесе балаларды дамыту орталықтары), мектептер, гимназиялар, орта оқу орындары (колледждер);

- кәсіби бағдарлану және кәсіби оқыту орталықтарындағы, қалалық және республикалық жұмыспен қамту орталықтарындағы психолог;

- қоғамдық пікірлер мен саяси технологияларды зерттеу орталықтарындағы психолог;

- өндірістік кәсіпорындардағы психолог (персоналмен жұмыс жөніндегі менеджер);

- спорттық ұйымдардағы психолог;

- медициналық ұйымдар мен емдеу-профилактикалық мекемелердегі психолог;

- құқық қорғау органдары мен пенитенциарлық мекемелердегі, оңалту және әлеуметтік бейімдеу орталықтарындағы психолог;

- коммерциялық ұйымдар мен т.б. бизнес-жаттықтырушы.

### **1.4 Талапкерді білім беру бағдарламасына дайындау деңгейіне қойылатын талаптар.**

«Психология» білім беру бағдарламасына оқуға түсушілерге қойылатын талаптар Қазақстан Республикасындағы білім беру қызметін регламенттейтін нормативтік-

құқықтық актілерге, соның ішінде, 2012 жылдың 19 қаңтарындағы №111 Жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына, сондай-ақ, «Тұран» университетінің академиялық саясатына негізделген.

Оқуға түскен кезде түлектерге ішкі конкурстар нәтижелері бойынша Университет Ректор грантарын (1 жылдан 4 жылға дейін оқу), жеңілдіктер (Гранд проджект және т.б.), сондай-ақ, «Тұран» университеті Ректорының ҰБТ/АКТ нәтижелері бойынша, «Алтын белгі» иегерлеріне грант беріледі.

## **2 Құзыреттіліктер терминдерінде оқытудың күтілетін нәтижелеріне қойылатын талаптар**

### **2.1 Оқыту нәтижелері**

PO1 - жазбаша және ауызша сөйлеу мәдениетін меңгеруді көрсете отырып, тұлғааралық және кәсіби өзара іс-қимыл міндеттерін шешу үшін көптілді және көпмәдениетті коммуникацияға қабілетті, өз ұстанымын дәлелді түрде баяндай алады;

PO2 - нарықты және бизнес-процестерді талдауға, кәсіпкерлік қызметте мақсаттарға жету үшін басқарудың қазіргі заманғы әдістерін қолдануға қабілетті;

PO3 - командада жұмыс істеуге, басшылықпен және командада жобалық қызметті жүзеге асыруға қабілетті, салааралық коммуникацияларды және көшбасшылық қасиеттерді, қатесіз қарым-қатынас дағдыларын меңгерген;

PO4 - жаңа жағдайларға бейімделуге және ішінара белгісіздік режимінде жұмыс істеуге, дербес, автономды шешімдер қабылдауға қабілетті;

PO5 - сыни талдау негізінде стандартты кәсіби жағдайларда шешім табуға, жеке кәсіби қызметті жоспарлауға қабілетті;

PO6 - кәсіби есептерді шешуде тиісті сандық технологияларды, құралдарды, базалық әдістерді, теорияларды қолдануға қабілетті;

PO7 - психологиялық ғылымның базалық және тұжырымдамалық ұғымдарына сүйену, психикалық шындықты талдауға әртүрлі тәсілдерді сыни бағалау және түсіндірі білетін;

PO8 – әлеуметтік-психологиялық құбылыстардың сапалы біліміне, жеке-психологиялық айырмашылықтардың детерминациясына, тұлғаны әлеуметтендірудің психологиялық заңдылықтарына ие;

PO9 - психодиагностикалық әдістерді таңдай білу және деректерді математикалық-статистикалық өңдеу және оларды интерпретациялау арқылы қалыпты және патологияда тұлғаның психологиялық диагностикасын жүргізе білу;

PO10 - әлеуметтік және жеке мәртебесі мен дамуындағы ауытқулардың, сондай-ақ әр түрлі қызмет түрлеріндегі кәсіби тәуекелдердің алдын алуға және түзетуге бағытталған классикалық және қазіргі заманғы психотерапиялық бағыттар мен бағдарламаларды білетін;

PO11 – психологияның әртүрлі ғылыми және ғылыми-практикалық салаларында жалпы кәсіби білім мен іскерлікті қолдану негізінде психологиялық зерттеулер жүргізу дағдыларына ие;

PO12 – тұлғаны оқытуды, тәрбиелеуді және дамытуды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу үшін бағдарламалар мен оқу-әдістемелік материалдарды дербес әзірлеуге қабілетті және дайын;

PO13 - өндірістік процесті оңтайландыруға, стандартты емес жағдайларда ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдерді табуға ықпал ететін интерактивті әдістерді, психологиялық технологияларды қолдануға қабілетті;

PO14 - қызметкерлерді сапалы іріктеу және өндірістік процесті оңтайландыруға ықпал ететін психологиялық климат құру мақсатында кадрлық құраммен жұмыс жүргізуге қабілетті және дайын;

PO15 - еңбек және өзге де ұжымдарда өзара іс-қимыл нысандарын талдауға, стандартты емес жағдайларда ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдерді табуға қабілетті және дайын.

## **2.2 Әмбебап (жалпы) құзыреттіліктер: жалпы ғылыми, инструменталды, әлеуметтік-тұлғалық, жалпы мәдени**

**2.2.1 Жалпы мәдени құзыреттіліктер** ақпаратты қабылдау, жинақтау, талдау, мақсаттарды қою және оларға қол жеткізу жолдарын таңдау дағдыларын, ауызша және жазбаша логикалық әрі аргументті түрде айқын жеткізу қабілетін, әріптестермен кооперацияға дайындығын; өзінің артықшылықтары мен кемшіліктерін сыни тұрғыдан бағалау, артықшылықтарын дамыту және кемшіліктерін жою құралдарын таңдау қабілетін игеруді; ақпаратты алудың, сақтаудың және қайтадан өңдеудің негізгі әдістерін, тәсілдерін және құралдарын меңгеруді білдіреді.

**2.2.2 Жалпы ғылыми құзыреттіліктер** өзінің болашақ кәсібінің әлеуметтік маңыздылығын түсінуді; кәсіби этикалық сана-сезімнің жеткілікті деңгейін; әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешу кезінде әлеуметтік, гуманитарлық және экономикалық ғылымдардың негізгі ережелері мен әдістерін қолдану дағдыларын қолдану дағдыларын; заманауи білім беру және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білімді қалыптастырады.

**2.2.3 Инструменталды құзыреттіліктер** жаһандық компьютерлік желілердегі ақпаратпен жұмыс жасау қабілеттерін қалыптастыруға; өзінің қызметінің нәтижелерін көрнекі түрде көрсетуге бағытталған.

**2.2.4 Әлеуметтік-тұлғалық құзыреттіліктер** кәсіби қызметте құқықтық және этикалық нормаларды ұстану қабілетінде; саналы түрде мақсат қою, кәсіби және тұлғалық даму; әлеуметтік-мәдени өзара әрекет ету, әріптестік және дау-дамайларды шешу; белсенді әлеуметтік және кәсіби қызметті ұстану үшін физикалық белсенділік пен жалпы сауылық деңгейін ұстану; қоғамда орын алып жатқан үдерістер мен әлеуметтік және тұлғалық маңызды мәселелерді, дүниетанымдық тұрғыдан түсіну мен талдау; кәсіби қызметтің стандартты емес жағдайларында шешімдерді әлеуметтік жауапты тұрғыдан қабылдау; әр түрлі кәсіби жағдайларға икемді түрде бейімделу, шығармашылық тәсілдемелер, бастамашылықты және кәсіби қызметтің мақсаттары мен жеке мақсаттарға қол жеткізуде табандылықты таныту; жалпы адамзаттық құндылықтар мен әлемдік мәдениет құндылықтары жүйесінде бағдарлану, заманауи өркениетті сақтау мен дамыту үшін гуманистік құндылықтардың мәнін түсінуде көрінеді.

## **2.3 Пәндік-маманданған (кәсіби) құзыреттіліктер: жалпы кәсіби, профильді және арнайы**

- ғылыми психологияның теориялық негізі мен методологиясын меңгеру және оның принциптерін өзгертін болмыстың әртүрлі формаларында қолдана білу;
- жалпы психологияның негізгі конструкторлары мен тұжырымдамалық түсініктерін қолдана білу, психикалық шындықты талдаудың әр түрлі тәсілдерін сыни бағалау;
- әлеуметтік-психологиялық құбылыстардың сапалы біліміне, жеке-психологиялық айырмашылықтардың детерминациясына, адамның жас және мәдени әлеуметтенуінің психологиялық заңдылықтарына, оның оқыту және танымдық даму факторларына ие болу;
- медициналық психология мәселелерінде хабардар болу, жүйке-психикалық бұзылыстар мен шекаралық жағдайларды бағалай білу және ажырата білу;
- мамандық әлеміндегі психологиялық білімдерді, адамның еңбек қызметінің құрылымын білу;
- психологиялық зерттеулерді жүргізудің эмпирикалық және эксперименталды әдістерін, алынған мәліметтерді математикалық бағалау және өңдеу әдістерін меңгеру.



**«БВ03103 - Психология» мамандығының бітіруші түлегінің моделі**

<b>Құзыреттіліктер</b>	<b>Бітіруші түлек тұлғасының берілген қасиеттері</b>
<p><b>Жалпы мәдени құзыреттіліктер (ЖМҚ)</b></p>	<p>Қабілеті мен дайын болу:</p> <p>ЖМҚ-1 – тұлғааралық және мәдениетаралық өзара әрекет ету міндеттерін шешу үшін мемлекеттік, орыс және шетел тілдерінде коммуникация жасауға;</p> <p>ЖМҚ-2 – ұжымда жұмыс жасауға, стандартты емес жағдайлар мен әлеуметтік дау-дамайларда шешімдерді және өзара әрекет етудің бейбіт тәсілдері жолдарын табуға;</p> <p>ЖМҚ-3 - жинақталған тәжірибені сыни тұрғыдан қайта түсінуге, қажет болғанда, өзінің кәсіби қызметінің түрі мен сипатын өзгертуге;</p> <p>ЖМҚ-4 - белсенді әлеуметтік және кәсіби қызметті жүргізу үшін физикалық белсенділік пен саулықтың жалпы деңгейін қолдау;</p> <p>ЖМҚ-5 - ғылыми зерттеулер жүргізуге және жобалық қызметті жүзеге асыруға;</p> <p>ЖМҚ-6 - жазбаша және ауызша өз ойы мен идеяларын сауатты түрде жеткізу мәдениетін меңгеруін, өз ұстанымын аргументті түрде ұстану қабілетін көрсетуге;</p> <p>ЖМҚ-7 - отансүйгіштікті қалыптастыру мен белсенді азаматтық ұстанымды көрсету үшін тарихи дамыту заңдылықтары мен негізгі кезеңдерін талдау;</p> <p>ЖМҚ-8 - кәсіби қызметте шығармашылық тұрғыдан қолдану;</p> <p>ЖМҚ-9 - отандық және халықаралық деңгейлерде кәсіби ортада өзара әрекет етуге;</p> <p>ЖМҚ-10 - бизнесті басқару қабілетін көрсетуге, бәсекелік ортадағы нарықта табысқа қол жеткізуге, іскерлік және инновациялық белсенділікті таныта отырып, қызмет нәтижелерінің тиімділігін бағалауға.</p>
<p><b>Жалпы кәсіби құзыреттіліктер</b></p>	<p>Қабілеттілік және дайындылық таныту:</p> <p>КҚ-1 – тұлғалық мәртебесі мен әлеуметтік дамуындағы ауытқулардың, сонымен қатар, қызметтің әр түрлі түрлеріндегі кәсіби тәуекелдердің алдын алуға бағытталған стандартты бағдарламаларды модельдеуге және іске асыруға;</p> <p>КҚ-2 – мақсаттарға, жағдайға және респонденттер контингентіне адекватты психодиагностикалық әдістемелерді іріктеп таңдауға және пайдалануға, әрі қарай деректерді математикалық-статистикалық өңдеп, оларды интерпретациялауға;</p> <p>КҚ-3 - адамның психикалық жұмыс жасауын үйлестіру мен дәстүрлі әдістерді және технологияларды қолдана отырып, психологиялық көмекті ұйымдастыру мақсатында психикалық ауытқушылықтар кезінде және қалыпты жағдайда тұлғаның жеке типологиялық ерекшеліктерін, танымдық және мотивациялық еріктік саласын дамытудың деңгейін психологиялық диагностикалауға;</p> <p>КҚ-4 - адамның толыққанды психикалық және тұлғалық дамуына әсер ететін дамытушылық және түзету жұмыстарын жүргізуге;</p> <p>КҚ-5 - жасерекшеліктік кезеңдерін, оның гендерлік, этникалық, кәсіби және басқа да әлеуметтік топтарға жатуын ескере отырып, адамның психикалық жұмыс жасау ерекшеліктерін анықтауға және даму деңгейінің динамикалары мен өзгерістерін болжауға.</p> <p>КҚ-6 – психология бойынша білімдерді психикалық жұмыс жасау және даму заңдылықтарын зерттеу және сипаттау әдістері,</p>

	<p>психологиялық феномендері, санаттары туралы ғылым ретінде пайдалану;</p> <p>КҚ-7 - ғылыми-зерттеу және ғылыми-тәжірибелік қызмет саласындағы кәсіби міндеттерді түсінуге және қоюға;</p> <p>КҚ-8 - психологияның әр түрлі ғылыми және ғылыми-тәжірибелік салаларындағы жалпы кәсіби білімдері мен қабілеттерін пайдалану негізінде психологиялық зерттеулерді жүргізуге.</p> <p>КҚ-9 - психологияны орта оқу орындарында жалпы білім беру пәні ретінде оқытуға;</p> <p>КҚ-10 - білім беру үдерісінің барлық деңгейлерінде психологиялық-педагогикалық көмекті жүйелі ұйымдастыруға;</p> <p>КҚ-11 - тұлғаны оқыту, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу үшін оқу-әдістемелік материалдары мен бағдарламаларын өзбетімен әзірлеу;</p> <p>КҚ-12 - еңбек ұжымдарында өзара әрекет ету формаларын талдауға; стандартты емес жағдайларда ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдерді табуға және олар үшін жауапкершілік алуға;</p> <p>КҚ-13 - өндірістік үдерісті оңтайландыруға ықпал ететін психологиялық ахуалды қалыптастыру және қызметкерлерді сапалы түрде іріктеп таңдау мақсатында кадрлық құраммен жұмыстар жүргізуге; қызметкерлердің тұлғалық өсуі мен мүгедектердің денсаулығын қорғауға бағдарланған психологиялық технологияларды, интерактивті әдістерді іске асыруға.</p> <p>КҚ-14 - әлеуметтік-тұлғалық құзыреттіліктер: өзінің мінез-құлқы мен басқа адамдардың мінез-құлқын талдау қабілеті, қалыптасқан рефлексивті ұстаным, өзінің эмоциялық күйін өздігінен бақылау.</p>
--	--

### **3 Оқыту нәтижелерін бағалау саясаты (ағымдық, аралық және қорытынды бақылау)**

Үлгерімді ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау білім алушылардың кәсіптік оқу бағдарламаларын және жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізіледі.

Студенттердің оқу жетістіктерін тексеру Білім туралы Заң негізінде әзірленген «Тұран» университетінің академиялық саясатымен, тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелерімен, оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелерімен, білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарымен, ҚР Білім және ғылым министрінің 25.09.2018 № 494 бұйрығымен, экстернат нысанында оқыту Ережесімен, білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау жүргізудің типтік ережелерімен регламенттелетін бақылаудың және аттестаттаудың әр түрлі формаларымен жүзеге асырылады.

Үлгерімді ағымдық бақылау кезінде студенттердің оқу жетістіктері әрбір орындалған тапсырма (ағымдағы сабақтарда берген жауабы, үй тапсырмасын тапсыру, студенттің өзіндік жұмысы, аралық бақылау) үшін 100 балдық шкала бойынша бағаланады және үлгерімді ағымдық бақылаудың қорытынды нәтижесі академиялық кезең ішінде алынған барлық бағалардың орташа арифметикалық сомасын есептеу арқылы жүргізіледі. Балама тәсілдеме аралық және қорытынды аттестаттау кезеңінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау кезінде қолданылады.

Аралық бақылау бір оқу пәні шегінде бір академиялық кезең ішінде екі рет жүргізіледі. ЖОО-да студенттерді аралық аттестаттау жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының негізінде жұмыс оқу жоспарына, академиялық күнтізбеге және кәсіби оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Емтихандар кестеге сәйкес тапсырылады және пәннің барлық кәсіби оқу бағдарламасы бойынша білім алушының оқу жетістіктерін тексеру нысаны болып табылады және академиялық кезең ішіндегі оқу жетістіктерін бағалауды көздейді.

Емтихандар пәннің мазмұнына байланысты тесттік түрде, билеттер бойынша жазбаша немесе ауызша, жобалар түрінде, шығармашылық форматта жүргізіледі. Емтихандардың алуан түрлі нысандары білім алушылардың білімдерін дифференциалды түрде бағалауға ықпал етеді, сонымен қатар, қалыптасқан кәсіби құзыреттіліктерді растайды.

Әрбір пән бойынша емтихан аяқталған соң студентке оның оқу жетістіктерін бағалай отырып, қорытынды баға қойылады.

Оқытудың қосымша түрлеріне барлық білім алушылар үшін міндетті болып табылатын өндірістік іс-тәжірибелер (оқу, педагогикалық, диплом алды) жатады. Кафедра ұзақ мерзімді шарттар жасасқан, іс-тәжірибелер базаларын ұсынады. Іс-тәжірибеден өту барысында студенттер әр түрлі мемлекеттік, білім беру және коммерциялық құрылымдарда психолог қызметімен атынсу, штаттық психологтың функционалды міндеттерімен танысу, диагностикалау және түзету, тренингтер ұйымдастыру және жүргізу, іс-тәжірибе базасының қызметіне байланысты ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру мен жүргізу мүмкіндігіне ие болады. Студенттердің диплом алды іс-тәжірибесі дипломдық жұмыстың тақырыбы мен мазмұнына сәйкес келуі және эмпирикалық материалды жинау үшін база болуы тиіс. Диплом алды іс-тәжірибе бойынша есеп дипломдық жұмыстың немесе жобаның эмпирикалық бөлігін сипаттайтын бөлімін көрсетуі тиіс.

Іс-тәжірибелерден өту нәтижелері іс-тәжірибелерді қорытындылайтын конференцияларда талқыланады. Студенттердің іс-тәжірибелер бойынша есептері кафедрадан іс-тәжірибері жетекшілерімен және іс-тәжірибе базасының жетекшісімен бағаланады, сонымен қатар, студент кәсіби іс-тәжірибенің мазмұнды аспектілерін сипаттайтын жетекшіден мінездеме мен пікір алады. Іс-тәжірибелерді бағалау кезінде ұйымдағы жетекші берген мінездеме мен пікірлер назарға алынады.

ЖОО-да білім берушілерді қорытынды аттестаттау ұзақтығы мен мерзімдері академиялық күнтізбемен және мамандықтардың оқу жұмыс жоспарымен анықталған, жоғары білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттарымен орнатылған нысандар бойынша жүргізіледі.

Студенттер мемлекеттік емтихандар тапсырады және оқу жұмыс жоспарына және бірыңғай жұмыс оқу бағдарламаларына сәйкес дипломдық жұмыс немесе топтық жобаны қорғайды. «Психология» мамандығы бойынша дипломдық жұмыстар мен жобалар алынған деректерді әрі қарай статистикалық өңдей отырып, эмпирикалық зерттеулерді жүргізуді білдіреді. Осы бітіруші біліктілік жұмысы студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарды жоспарлау, ұйымдастыру, жүргізу дағдыларын әрі қарай статистикалық өңдеу әдістерімен өңдей отырып, көрсетуін қарастырады.

Студент дипломдық жұмысты (жобаны) қорғалатын жұмыстың (жобаның) профиліне сәйкес келетін маманның сыртқы сын-пікірі мен ғылыми жетекшінің жағымды пікірі болған кезде ғана қорғайды.

Мемлекеттік емтихандар (мамандық және профильді пәндер бойынша) билеттер бойынша ауызша жүргізіледі.

Мамандық бойынша мемлекеттік емтихан ЖОО-ның осы кешенді емтиханға қамтылған пәндердің оқу бағдарламаларының негізінде әзірленген бағдарлама бойынша жүргізіледі.

Мемлекеттік емтихандар мен дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау нәтижелері бойынша білім алушылардың білімін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі бойынша бағалар қойылады. Бұл ретте білім алушының теориялық, ғылыми және тәжірибелік дайындық деңгейі, сондай-ақ, ғылыми жетекші мен сын-пікір берушінің пікірлері ескеріледі.

Қорытынды аттестаттаудан өткен және жоғары білім берудің тиісті кәсіби оқу бағдарламасын меңгеруін растаған студенттерге МАК шешімімен «әлеуметтік ғылымдар бакалавры» академиялық дәрежесі беріледі және «Психология» мамандығы бойынша біліктілік беріледі, дипломдық жұмысты (жобаны) қорғаған күннен бастап айлық мерзім ішінде қосымшасымен бірге мемлекеттік үлгідегі диплом тапсырылады.

#### **4 Білім беру бағдарламасы бойынша оқыту мазмұны**

**4.1** Барлық оқу кезеңіне бакалавриаттың білім беру бағдарламасының оқу жоспары (модульдік жүйе бойынша) (3-қосымша).

**4.2** Білім беру модульдерінің каталогы (міндетті, жалпыуниверситеттік, элективті) (4-қосымша).



37	Педагогикалық психология							+	+			+				
38	Инклюзивті білім беруді психологиялық қолдау							+	+	+		+				
39	Кәсіпкердің жеке тиімділігі			+		+									+	
40	Көшбасшылық және топ құру			+		+									+	
41	Эмоциялық күйреу және күйзеліске төзімділік психологиясы					+		+		+		+				
42	Күйзеліске төзімділік пен өнімділікті дамытудың психотехнологиясы					+		+				+				
43	Психофизиология және психогенетика							+		+			+			
44	Балалар және жасөспірімдер дамуының психофизиологиясы							+		+			+			
45	Психологиядағы математикалық және статистикалық өңдеу әдістері							+		+			+			
46	Ғылыми-практикалық зерттеулерді ұйымдастыру және түсіндіру							+		+			+			
47	Кросс-мәдени психология	+				+				+						
48	Денсаулық және ауытқыған мінез-құлық психологиясы							+		+		+		+		
49	Адам ресурстарын басқару психологиясы					+				+			+		+	+
50	Персоналды бағалау және іріктеу					+				+			+		+	+
51	Басқару іс-әрекетінің негіздері			+		+				+			+		+	+
52	Ұйымдастыру психологиясы			+		+				+			+		+	+
53	Жеке және топтық психотерапия							+		+		+		+		
54	Мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалар психологиясы							+		+		+				
55	Неке және отбасы психологиясы							+		+		+				
56	Бала мен ата-ана қарым-қатынасының психологиясы							+		+		+				
57	Эмоциялық және әлеуметтік интеллект					+				+			+			
58	Коммуникативтік психотехнологиялар					+				+			+		+	
59	Психоллингвистика	+						+		+			+			
60	Отбасылық психотерапия негіздері							+		+		+		+		
61	Келіссөз жүргізу психологиясы	+								+				+		+
62	Балалар мен жасөспірімдердегі бұзылыстарын түзетудің қазіргі әдістері							+		+		+		+		
63	Әлеуметтік-психологиялық тренинг					+				+		+		+		
64	Практика (диплом алды)							+		+		+		+		
65	ИГА							+		+		+		+		